

**ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Егенисова А.Қ.
Қожабергенова Н.Г.**

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада девиантты мінез-құлықты жеткіншектер психологиясын және оларды түзету проблемасымен айналысқан ғалымдардың еңбектері талданып, девиацияны зерттеушілердің девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторлары мен типтерін: девиантты, делинквентті және қылмысты мінез-құлыққа сипаттама береді.

Сонымен қатар, девиантты мінез –құлықты балаларға сипаттама беріліп, баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері де баяндалады.

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу және оны тудыратын әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық себептерді жою, жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін негізгі бағыттарды бөлуге мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: девиация, девиантты мінез-құлық, делинквентті, дезадаптация, ауытқушылық, агрессия, әлеуметтену.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз ел болып қазіргі уақыттағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы өзгерістермен яғни, экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың ерекшеліктерімен сипатталады. Қазіргі кезеңдегі балалардың әлеуметтік жағдайға бейімделуіне, жағымды мінез-құлықтарының қалыптасуына, тұлға ретінде дамуына әсерін тигізетін дұрыс әдіс-тәсілдерін көрсету, айқындау да ең басты мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі кезде мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар жасөспірімдердің тұлғасының ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым – қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

ҚР білім беру мекемелерінде кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлқының алдын алу, білім беру ұйымдарында балалардың құқықтық мәдениет және мінез-құлық нормаларын тәрбиелеуді; девиантты мінез-құлықты әрбір оқушының тұлғалық әлеуетін өзіндік іске асыруын; жағымсыз мінез-құлық реакциясын туындататын келеңсіз факторларды жоюды, тұлғаның осы факторлар әсеріне тұрақтылығын дамытуды; рухани-адамгершілік құндылықтарға қатыстыру, спортпен шұғылдану негізіндегі салауатты өмір салтын болжайды. Девиантты мінез-құлықтың қандай да түрлі формасы болсын, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Атап айтқанда, маскүнемдік, есірткіні пайдалану, агрессивтілік, жалпы алғанда заңға қарсы мінез-құлықтың барлығы бір блокты бейнелейді.

Өскелең ұрпақтардың девиантты мінез-құлықтары бойынша көптеген еліміздің ғалымдары мен педагогтары зерттеу жұмыстарын жүргізген: Акажанова А.Т., Джаманбалаева Ш.Е., Керимов Л.К., Казымбетова Д.К., Шерьяданова Х.Т., Хухлаева О.В. т.б.[1-6]. Бұл зерттеушілер қиын балалардың қиқарлық, қыңыр, жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік педагогикалық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді.

Әлеуметтенудегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы [7].

Ал, Роберт Мертон мінез-құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы үйлеспеушілік деп түсіндіреді [8].

Тұлғаның жағымсыз, девиантты мінез-құлық сапаларының қалыптасу ерекшеліктері, оны түзету жолдары М.С.Каган, А.В.Петоровский, қазақ халқының мінезінің кейбір жағымсыз тұстары, тәрбиелеу жолдары С.Қ.Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылған [9-12].

Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:

– қоғамдық үрдістер (әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.);

– тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі (этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ,);

– микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзарақарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, т.б.маңызды адамдар) [4].

Девиация бірнеше типтен тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез-құлық. Девиантты мінез-құлық – әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез-құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез-құлықтың бір түрі. Кейбір әдебиеттерде бұл типті «антидисциплиналық» деп те атайды [1].

Девиантты мінез-құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, алкоголизм, наркомания, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез-құлық, суицид т.б. жатады.

Девиацияның екінші түрі – делинквентті мінез-құлық. Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар:

1. Агрессивті-зорлаушылық мінез-құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дөрекілік, төбелес, күйдіріп-жандыру сияқты жағымсыз іс-әрекеттерде көрініс береді.

2. Ашкөздік мінез-құлық (корыстное поведение): майда ұрлықтар, қорқытып-үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

3. Наша сату және тарату.

Криминалды мінез-құлық заң бұзушылық болып табылады. Балалар сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады.

Девиацияның негативті формалары әлеуметтік патология болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашақорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді [1].

Девиацияны зерттеуші көптеген ғалымдар девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторларын түрліше түсіндіреді. Біріншілері оларды екі үлкен топқа ішкі және сыртқы факторлар деп бөлсе, екіншілері оларды бөлмей:

- жанұяда берекенің болмауы;
- ата-ананың «ерекше» қамқорлығы;
- тәрбие берудегі кемшіліктер;
- өмірде кездесетін қиыншылықтар мен күйзелістерді жеңе алмау;
- өмірлік дағдының болмауы, айналысындағы адамдармен, құрбыларымен жарасымды қатынасқа түсе алмауы;

- сырттан келген қысымға төтеп бере алмау, өз бетінше шешім қабылдай алмау, сынаушылық ойды дамыта алмау;

- психоактивті заттарды жиі пайдалануы;

- агрессиялық жарнаманың ықпалды болуы;

- мектептерде психологиялық көмек көрсету қызметінің нашар дамуы;

- балалар мен жасөспірімдердің бос уақытының проблемалары, - деп көрсетсе,
- үшіншілері оларды негізгі бес факторға бөліп қарастырады [3].

Оларды жекеше қарастыратын болсақ:

1. Биологиялық факторлар – баланың әлеуметтік бейімделуіне кедергі жасайтын физиологиялық және анатомиялық жағымсыз ерекшеліктер. Оларға мыналар жатады:

– ұрпақтан-ұрпаққа берілетін немесе ананың жүкті болғанда дұрыс тамақтанбауы, арақ-шарап, нашакорлы заттарды пайдалануы, темекі тартуы, ананың физикалық, психикалық т.б. сырқаттары себеп болатын генетикалық факторлар: ақыл-ой дамуының бұзылуы, есту, көру кемшіліктері, жүйке жүйесінің зақымдауынан пайда болған денедегі кемшіліктер.

– психофизиологиялық факторлар: психофизиологиялық күш, дау-жанжал, келіспеушілік жағдайлар, адам организмдеріне кері әсер ететін, қоршаған ортаның химиялық құрамы, соматикалық, аллергиялық, токсикалық ауруларға душар ететін энергетикалық технологияның жаңа түрлері;

– физиологиялық факторлар: сөйлеу дефекттері, адам бойындағы соматикалық кемшіліктер.

Бұлардың бәрі адамның қоршаған ортаға, жеке адамдарға деген жағымсыз қарым-қатынасын тудырады, ал балалар болса, өзіндік сезім мен танымдық деңгейіне байланысты, құрбы-құрдастары арасында, ұжымда еркін сезіне алмайды, қатынасы бұзылады.

2. Психологиялық факторлар. Бұған баладағы психопатологиялар мен мінездегі кейбір қасиеттердің басым болуы т.б. жатады. Бұл ауытқушылықтар жүйелік-психикалық ауруларда, психопатияда, неврастенияда т.б. көрінеді. Акцентуациялық сипаттағы мінезді балалар өте ашушаң, дөрекі болады. Оларға міндетті түрде әлеуметтік-медициналық реабилитация, сонымен қоса, арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жұмыстар жүргізу керек.

Баланың әрбір даму сатысында, олардың психикалық қасиеттері, тұлғалық және мінездегі ерекшеліктері қалыптасып, дамып отырады. Бала даму барысында әлеуметтік ортаға бейімделуі немесе керісінше бейімделмей, жатсынып кетуі мүмкін.

Егер, балаға ата-ананың жылуы, махаббаты, ықыласы жетіспесе, онда, ол ата-анасынан шеттеніп кетеді. Шеттену - невротикалық реакциялар, қоршаған ортамен қатынастың бұзылуы, сезімдік (эмоционалдық) тепе-теңсіздік және суықтық, ашуланшақтық, психикалық аурулар және психологиялық патологиялар сияқты жағымсыз мінез-құлықтың пайда болуына жол ашады.

Егер, балада адамгершілік құндылықтар қалыптаспаса, онда, ол пайдакүнемдік, қанағатсыздық, зорлаушылық, дөрекілік т.б. сияқты жағымсыз қасиеттерге бейім тұрады.

3. Әлеуметтік-педагогикалық факторлар. Олар мектептік, отбасылық, қоғамдық тәрбиедегі кемшіліктердің нәтижесінде, баланың оқудағы үлгермеушілігіне байланысты. Мұндай балалар көбінесе мектепке дайындығы жоқ, үйге берілген оқу тапсырмаларына және бағаларға парықсыз қарайтындар. Бұның бәрі баланың оқудағы бейімсіздігін көрсетеді. Оқушының оқудағы бейімсіздігінің (дезадаптация) қалыптасуы мынадай сатылардан өтеді:

– оқудағы декомпенсация – баланың жалпы мектепке деген қызығушылығы жоғары, бірақ бір немесе бірнеше пәнді оқуда қиыншылықтарға тап болуынан;

– мектептік бейімсіздік (дезадаптация) – бала сабаққа үлгермеуімен қатар, оның мінез-құлқы өзгеріп, мұғалімдермен, сыныптастарымен қарым-қатынасы бұзылып, сабақтан қалуы көбейеді немесе мектептен біртіндеп қол үзе бастайды;

– әлеуметтік бейімсіздік – баланың оқуға, мектепке, ұжымға деген қызығушылығы жойылады, асоциалдық топтармен араласып, алкогольге, нашакорлыққа қызыға бастайды;

– криминалдылық – кейбір отбасындағы әлеуметтік жағдайдың өте төмен болуы, балаларды да өз ортасындағы әлеуметтік теңсіздікке әкеледі, ал мектеп оқушысы, жасы жетпегендіктен жұмыс істей алмайды, содан барып олар қылмысты іс-әрекеттермен айналыса бастайды [6].

Баланың психоэлеметтік дамуындағы ауытқушылықтардың негізгі факторы - ата-ана. Баланың бойындағы асоциалды мінез-құлықты қалыптастыратын отбасы қатынасының бірнеше жағымсыз стилдері бар:

– дисгармонды стиль – бір жағынан ата-ана баланың барлық тілектерін орындайды, үлкен қамқорлық жасайды, екінші жағынан конфликті жағдайларға баланы итермелейді;

– тұрақсыз, конфликті стиль – толық емес отбасындағы, ажырасу кезіндегі, ата-ана мен балалар бөлек тұрған жағдайдағы тәлім-тәрбиелік кемшіліктерден туындайды;

– асоциалды стиль – ата-ананың арақ ішуі, нашақор заттарды пайдалануы, криминалды іс-әрекет, аморальді өмір сүру жағдайы, отбасылық қаттыгездік, зорлаушылық жатады.

Балаға көрсетілген қатыгездік қатынасқа жататындар: қинаушылық, физикалық, эмоционалды, жыныстық зорлық-зомбылық. Қатыгездік үйде, далада, мектепте, балалар үйлерінде, ауруханада көрсетілуі мүмкін. Мұндай іс-әрекетке душар болған балалар қалыпты түрде даму көрмей, қоршаған ортаға бейімделе алмай қалады. Соның әсерінен, бала өзін жаман, керексізін деп сезінеді. Баланың қатыгездікке жауап беру түрі баланың жасына, тұлғалық ерекшелігіне, әлеуметтік тәжірибесіне байланысты. Психикалық реакциялардан басқа (қорқыныш, үрей, ұйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы т.б.) балалардың мінез-құлқы да өзгереді: агрессия жоғарылайды, төбелескіш, өзіне сенімсіз, ұялшақ, өзіне деген бағасы өте төмен болады. Зерттеулерге қарағанда, зорлық-зомбылықты көп көрген балалар өскенде зорлаушы рөлінде болуды қалайды.

4. Әлеуметтік-экономикалық факторлар. Әлеуметтің теңсіздігі, қоғамның кедей және бай болып бөлінуі, жұрттың кедейленуі, жұмыссыздық, инфляция, әлеуметтік кернеу, т.б.

5. Моральді-этикалық факторлар. Қазіргі қоғамның адамгершілік қасиеттерінің деңгейі төмен болуы, рухани құндылықтардың бұзылуы.

Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету күрделі әрі қиын әрі ұзақ процесс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділік қажет. Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туады:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйену;
- оның адамгершілік күшіне, потенциалды мүмкіндіктеріне сену;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарламалар құру [4].

Девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалады.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер: жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу. Сонымен девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді әлеуметтік педагогикалық мінездемелері жағынан төрт топқа бөлеміз.

Бірінші топқа жататын девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің мінез-құлқында дөрекілік, қатігездік, мейірімсіздік, үлкен-кішіні сыйламау сияқты әдет-дағдылар толық қалыптаспағанымен, олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды. Бірақ өз мінез-құлқын өзгертуге талаптанады.

Екінші топқа жататындар адамгершілік қадірқасиеттерді төмендей бастаған, әлеуметтік байдарлары қоғамға жат сыңаймен сипатталады. Бұлар қатігездік қылықтарымен қатар, ұрлық, тонау, зорлық-зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, ұйтты сұйық заттарды иіскеу сияқты әдеттерге икемдене бастаған.

Бұл топқа тәртібі нашарлаған, құқық тәртібін бұзушы жасөспірімдер жатады, бірақ бұл балалар әлі бұзыла қоймаған, өз мінез-құлықтарын түзетуге мүмкүндік қабілеті бар, тек педагог тарапынан басқаруды талап етеді.

Үшінші топқа өз мінез-құлықтарын басқара алмай, өзін-өзі тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ жасөспірімдердің шағын тобы жатады. Қоғамға жат мінез-құлықтары қалыптаспағаны сонша, олар өздерінің теріс қылықтарына талдау бере алмайтын кәмелетке жасы толмаған қылмыскерлер. Бұл топқа қатігездік, зорлық-зомбылық көрсетумен қатар ұрлық, тонау, ішімдік және наша тарту істеріне әбден машықтанған жасөспірімдер енеді.

Төртінші топқа жүйке ауруларына (невроз, неврастения, кісіні мезі қылатын әдет) шалдыға бастаған балаларды жатқызамыз. Мұндай жасөспірімдерге педагогтар мен дәрігерлер тарапынан дербес қарым-қатынас, ілтипат, сый-құрмет, жылы лебіз қажет. Енді девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің пайда болуына себепші объективті және субъективті факторларға назар аударайық. Ғалымдар жасөспірімдердің қалыптасуына әлеуметтік орта мен күнделікті жағдай себеп болады деп дәлелдеген.

Девиантты мінез-құлқының алдын алу және оны тудыратын әлеуметтік-педагогикалық себептерді жою жасөспірімдерді тәрбиелеу қызметін төмендегідей негізгі бағыттарды бөлуге мүмкүндік берді:

- а) отбасы институтымен тығыз байланысты жүзеге асыру;
 - ә) жеткіншектер бос уақытындағы мазмұнды түрлі қызметтердің бағдарламалықәдістемелік жанамалануы;
 - б) жеткіншектердің бос және сабақ уақыты аясындағы педагогикалық өзара әрекеттесудің тиімді формаларын, әдістерін, әдістемелерін, технологияларын пайдалану;
 - в) жасөспірімдердің класстан және мектептен тыс уақытында концерттер, байқаулар, жарыстар, мерекелер өткізу;
 - г) оқу жылы мен демалыс уақытында спорттық-сауықтыру қызметін жүзеге асыру
- [5]. Қорытындылай келе жасөспірімдерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуына әлеуметтік факторлардың тигізетін әсерлері зор. Қазіргі таңда девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді тәрбиелеуде атааналарға психолог, әлеуметтік педагог және т.б. кәсіби мамандардың тарапынан көмек қажет екенін зерттеулер көрсетіп отыр. Жоғарыда аталып өтілген факторлардың мәселелерді шешуді жетекші рөл атқарады. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді алдын алу мен қайта тәрбиелеуде аталған жұмыстар тәжірибеде дұрыс, тиімді қолдануға тікелей байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акажанова А.Т. К вопросу о некоторых психологических аспектах субъективной стороны преступления //Материалы МНК, 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. – Алматы, 2011. – С. 405–409.
2. Джаманбалаева Ш.Е. Социология девиантного поведения. – Алматы: КазГУ, 2008.
3. Керимов Л.К. Қиын балалар болады неге ? / Алматы: Қазақ елі. – 10 қараша, 2010.
4. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: автореф. ... канд.социол. наук. Алматы, 2009.

5. Шерьязданова Х.Т. Психология деструктивных факторов процесса социализации старших подростков. – Алматы, 2013.
6. Хухлаева О.В. Психология подростка. – М., 2016. - 55 с.
7. Дюркгейм Э. Социология и теория познания // Новые идеи в социологии. Вып. 2, СПб. 1994.
8. Мертон Р. К. [Социальная структура и аномия](#) // Социология преступности (Современные буржуазные теории). – М.: Прогресс, 2011. – С. 299-3
9. Каган В.Е. Аутизм у детей. – Л., 2009.
10. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы., –Алматы, Мектеп, 1987. 122б.
11. Қалиев С.Қ., Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы, – Алматы, 1998. 128 б.
12. Жарықбаев Қ., Жантану негіздері, –Алматы, 2009. 403 б.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ДЕТЕЙ С ДЕВИАНТНЫМ ПОВЕДЕНИЕМ

Егенисова А.Қ. - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Кожабергенова Н.Г. - - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан.

Аннотация. В данной статье проанализированы работы ученых, занимавшихся психологией подростков с девиантным поведением и проблемой их коррекции, дана характеристика факторов возникновения и типов девиантного поведения исследователей девиации: девиантного, делинквентного и криминального поведения.

Кроме того, дается характеристика детей с девиантным поведением, а также излагаются несколько негативных стилей семейных отношений, формирующих асоциальное поведение у подростка.

Профилактика девиантного поведения и устранение вызывающих его социально-психолого-педагогических причин позволили выделить основные направления деятельности по воспитанию подростков.

Ключевые слова: девиация, девиантное поведение, делинквентность, дезадаптация, девиация, агрессия, социализация.

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF CHILDREN WITH DEVIANT BEHAVIOR

Yegenisova A.K. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan, e-mail: almazhai66@mail.ru.

Kozhabergenova.N.G. - Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. This article analyzes the work of scientists involved in the psychology of adolescents with deviant behavior and the problem of their correction, describes the factors of occurrence and types of deviant behavior of researchers of deviation: deviant, delinquent and criminal behavior.

In addition, the article describes children with deviant behavior, as well as several negative styles of family relationships that form antisocial behavior in adolescents.

Prevention of deviant behavior and elimination of its socio-psychological and pedagogical causes allowed us to identify the main areas of activity for the education of adolescents.

Key words: deviation, deviant behavior, delinquency, maladaptation, deviation, aggression, socialization.

